


**АИҚЫН** 

Ғаламды қаламымен өрнектеген



Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы, Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың лауреаты, танымал журналист, қаламы қарымды әріптесіміз Берік Бейсенұлының «Қалам мен ғалам» атты кезекті жинағы «Алтай медиа» баспасынан қомақты кітап болып жарық көрді.

Жинаққа автордың әр жылдарда «Айқын» газетінде жарияланған тарихи-танымдық мақалалары, ой-толғаулары мен жолсапар жазбалары жинақталып берілген. «Пікір мен пайым», «Аңыз бен ақиқат», «Ел мен жер» атты бірнеше бөлімнен тұратын жинағында автор он сегіз мың ғаламның құпия сырлары мен тосын құбылыстарын тың деректерді арқау ете отырып, шұрайлы тілмен өрнектейді.

Қазақстанның құрметті журналисі, Президент сыйлығының лауреаты Нұртөре Жүсіп «Беріктің бұл қазаққа берері көп...» деген тақырыппен кітапқа жазған алғысөзінде қанаттас, қаламдас бауырының журналистік шеберлігінің өте жоғары, кәнігі газет

қызметкері, байыпты басшы, өз ісінің әмбебап маманы екенін атап өткен. «Оның қаламынан шыққан мақалаларда ең бірінші кезекте ұлттық рух, мемлекетшілдік, жауапкершілік ұғымдары желдей есіп тұрады» дей келе, автордың өз мақалаларында бәйпектеп, ұзын арқан, кең тұсауға салып жатпайтынын, қоғамда орныққан күрмеулі мәселені барынша өткір және ашық түрде қоятынын, билік иелері не деп қалады екен деп жалтақтамайтынын қаламгердің жазбаларынан нақты мысалдар келтіре отырып дәйектейді. Расында да, Берік Бейсенұлының ширек ғасыр бойы қазақ баспасөзінің отымен кіріп, күлімен шығып келе жатқан кәнігі қаламгер екені көзіқарақты оқырманға бұрыннан белгілі. Қазақ журналистикасының санасына серпіліс әкелген «Жас Алашта» бірнеше бөлімнің жүгін көтеріп, он жыл бойы шындалған. «Айқындағы» күн сайынғы газет шығару ісінің ауыртпалығын айтпағанда, қаламынан төгілген мәнді де мазмұнды мақалалар шоғырының ізі молынан сайрап жатыр. Журналистикада қалам тартпаған саласы жоқ. Соның ішінде саяси тақырыптарға көбірек сүңгігені де рас. Кезіндегі сараптама мақалаларының салмағы уақыт өтсе де шынайылығын дәлелдеп келеді. Көргені де көп, байқары да, айтары да жетіп артылады. Талай елдің топырағын басып, суын жұтқан. Грузин өнерінің алыбы Ваханг Кикабидземен тізе қағысып, қалжың жарыстырып, байсалды байламдарын қазақ баспасөзіне байлап берген де Бейсенұлы. Ендеше, оның кезекті жинағынан кеудесі зерлі оқырман үшін талай жауһар дүниенің молынан табылатыны күмәнсіз. Айталық, тілдік, ұлттық рухтағы түйткілдерге келген-де қоғамдық пікірдің отын қозғайды, шоғын маздатады; ұлт болып ұтылмау үшін үздік үрдістерді үлгі етеді; салмақты сараптамалары мен салиқалы ойлары арқылы әлемдік геосаясаттың тереңіне кәсіби тұрғыда барлау жүргізіп, қазақ баласының мүддесін көздей отырып қорытынды жасайды; ұрпақ тәрбиесінде ұтылмау үшін әлеуметтік түрлі зерттеулер жүргізіп, отаншылдықты оятады; жұмбағы көп жаратылыстың жалына жармасып, тарихтың тылсымына үңіліп, әлемнің ашылмаған құпияларына бірауық бойлап көреді. Қысқасы, «Қалам мен ғалам» әсерлі сезімге бөлейтін, терең ой салатын, танымыңды арттырып, талайды толқытатын, керегі де, дерегі де мол дүние. Оқырман өзін алаңдатқан, толғандырған, мазалаған талай сұрақтарға дәл осы кітаптан толымды жауап табары хақ. Кітап сонысымен де құнды, сонысымен де нұрлы.

Төреғали ТӘШЕНОВ